



ШҚО білім басқармасының Зайсан ауданы бойынша білім бөлімінің «Балауса» бөбекжайы»КМКҚ 2021-2022 оқу жылының педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспары

№	Мазмұны	Мерзімі	Аяқтау нысаны
1	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің №1 отырысы. Күн тәртібінде: 1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту. 2. Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің құрамын сайлау.	Қыркүйек	Хаттама
2	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің №2 отырысы. Күн тәртібінде: 1. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырындағы № 190 «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» бұйрығымен таныстыру. 2. Балабақшада педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау.	Ақпан	Хаттама
3	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің №3 отырысы. Күн тәртібінде: 1. Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес жұмысын қорытындылау.	Мамыр	Хаттама

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№1 Хаттамасы. 15.09.2021ж

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі Г.О.Раушанова
Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері.
1.Садықов Бақытжан —Кәсіподақ мүшесінің төрағасы.
2.Гүлнұр Меделханқызы –білім бөлімінің әдіскері.
3.Бейсекенова Лаззат –мемлекеттік қызметкер.
4.Ельжасова Гүлбаршын –тәрбиеші
5.Кожаметова Баян –тәрбиеші

1. Күн тәрбіндегі бірінші мәселе бойынша: Білім бөлімінің Әдіскері –Г.Меделханқызы

-Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін.Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелрін қарайтын алқалы орган болып табылады.Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы»Қазақстан Республикасының Заңдарына, Осы Қағидаларға, өзге де, нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік,әдептілік, қоғамдық пікірмен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады.

Кеңестің негізгі міндеттері:білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауға қамтамасыз ету, педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогикалық тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажет және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау бойынша тиісті қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құрылтайшыларына жүгінуге құқылы.

Кеңес отырысы: егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады, қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кеміне бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады.Сонымен қатар кеңестің міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін қарау кіреді.Тәртіптік істерді қарау қортындысы бойынша

Кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады:білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе қолданбауды ұсыну; тәртіптік істі тоқтату.

Күн тәрбіндегі екінші мәселе бойынша:Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің құрамына төмендегідей тұлғалар ұсынылады:

Кеңес төрағасы: 1. Садықов Бақытжан —Кәсіподақ мүшесінің төрағасы.

Кеңес мүшелері: 2.Гүлнұр Меделханқызы –білім бөлімінің әдіскері.

3.Бейсекенова Ляззат –мемлекеттік қызметкер.

4.Ельжасова Гүлбаршын –тәрбиеші

5.Кожаметова Баян –тәрбиеші

Хатшы: Төлєнова Ғалия



Қорытынды сөз: Г. Меделханқызы

-Құрметті кеңес мүшелері және кеңеске қатысушылар, бүгінгі отырыста педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі қаралды, педагогтардың педагогикалық әдебі туралы сөз қозғалды. Педагог өз ісіне адал қарауға міндетті.

Кеңес шешімі:

1. Педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі бекітілсін.
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің құрамы жиналысқа қатысушылардың келісімімен сайлансын.

Кеңес төрағас:

Хатшы:



Садықов Бақытжан

Төленова Ғалия

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 2 Хаттамасы. 02.02.2022ж

Қатысқандар : Бөбекжай менгерушісі Г.О.Раушанова

Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері

- 1.Садықов Бақытжан —Кәсіподақ мүшесінің төрағасы.
- 2.Гүлнұр Меделханқызы –білім бөлімінің әдіскері.
- 3.Бейсекенова Лаззат –мемлекеттік қызметкер.
- 4.Ельжасова Гүлбаршын –тәрбиеші
- 5.Кожаметова Баян –тәрбиеші

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша: Садықов Бақытжан.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020жылғы 11 мамырындағы № 190 бұйрығымен таныстырып шықты.Сонымен қатар, 1-қосымшасы «Педагогикалық әдеп қағидалары», 2-қосымша «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары» бойынша түсіндіріп кетті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі : Тәрбиеші: Ельжасова Г.

Балабақшада педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау бойынша құрылған Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагогтың тәртібі туралы» заңдарына, осы Ережеге, басқада нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділеттілік, этика қоғамдық пікір мен ашықтықты ескеруі тиіс. Жеке және заңды тұлғалар педагогтың педагогикалық этиканы сақтауына қатысты білім беру ұйымының Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне жүгіне алады.Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау мәселесін қарастыру кезінде педагогтың құқықтары қарастырылып, орыған мәселе бойынша барлық материалдармен танысу; өз құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен жеке өзі немесе Қазақстан республикасының заңнамасында бегіленген тәртіппен қабылданған шешімге шағымдану құқықтарына ие.

Шешімі:

1.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020жылғы 11 мамырындағы «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» бұйрығы орындалуы басты назарда алынсын.

2.Педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Төраға:  Садықов Бақытжан

Хатшы:  Төлєнова Ғалия

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 3 Хаттамасы. 20.05.2022ж

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі Г.О.Раушанова

Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері

- 1.Садықов Бақытжан —Кәсіподақ мүшесінің төрағасы.
- 2.Гүлнұр Меделханқызы –білім бөлімінің әдіскері.
- 3.Бейсекенова Лаззат –мемлекеттік қызметкер.
- 4.Ельжасова Гүлбаршын –тәрбиеші
- 5.Кожаметова Баян –тәрбиеші

Күн тәртібінде:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2021-2022 оқу жылындағы жұмысын талдау.

1.1 Тыңдалды.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2020-2021 оқу жылындағы жұмысын қорытындылаған төраға:Садықов Бақытжан .Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес өз жұмысын ҚР ағымдағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырды. «Білім туралы», «Педагогтың тәртебесі туралы» заңдар,сондай-ақ ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрығы.Кеңес 2021 жылға бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс жүргізді.

Шешімі:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын қанағаттанарлық деп тану.

Төраға:  Садықов Бақытжан

Хатшы:  Төлєнова Ғалия